



# Үздік кейстер жинағы

Сборник лучших кейсов



## «BIRGEMIZ:SAÝLYQ»

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

В РАМКАХ НАЦИОНАЛЬНОГО ПРОЕКТА «BIRGEMIZ: SAÝLYQ»

@birgemiz.saulыq

qazvolunteer.kz

#birgemizsaulyq2024

**УДК 364-322**  
**ББК 65.278**  
**У23**

**Үздік кейстер жинағы = Сборник лучших кейсов**  
Алматы қ., 2024. - 32 б. - қаз., рус.

**ISBN 978-601-06-9647-1**

2024 жылы денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуге, оның ішінде хоспистерде және т.б. көмек көрсету бойынша “Birgemiz:Saylyq” жалпыұлттық жобасын іске асыру кезінде 30 шағын грант волонтерлерді қолдау мақсатында жүзеге асты. 4 үкіметтік емес ұйым, 2 волонтерлік ұйым, 24 жеке тұлға. Барлығы 700-ге жуық волонтерді қамтыды. Олардың ішінде 4 жоба ауылдық жерде жүзеге асты.

Сіздердің назарларыңызға шағын гранттардың ішінде үздік деп танылған 15 волонтерлік ұйымның жұмысын ұсынамыз.

**УДК 364-322**  
**ББК 65.278**  
**У23**

**ISBN 978-601-06-9647-1**

ООО “Qazaqstan Medisina Jastary”

2024 жылы денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуге, оның ішінде хоспистерде және т.б көмек көрсету бойынша «Birgemiz&Saylyq» жалпыұлттық жобасын іске асыру кезінде 30 шағын грант волонтерлерді қолдау мақсатында жүзеге асты. 4 үкіметтік емес ұйым, 2 волонтерлік ұйым, 24 жеке тұлға. Барлығы 700-ге жуық волонтерді қамтыды. Олардың ішінде 4 жоба ауылдық жерде жүзеге асты.

Сіздердің назарларыңызға шағын гранттардың ішінде үздік деп танылған 15 волонтерлік ұйымның жұмысын ұсынамыз



В 2024 году в рамках реализации общенационального проекта «Birgemiz&Saylyq» по привлечению волонтеров в сферу здравоохранения, оказанию помощи в уходе за пациентами, в том числе в хосписах, было реализовано 30 малых грантов для поддержки волонтеров. В проекте приняли участие 4 неправительственные организации, 2 волонтерские организации и 24 физических лица. Всего было охвачено около 700 волонтеров, из которых 4 проекта были реализованы в сельской местности.

Сіздердің назарларыңызға шағын гранттардың ішінде үздік деп танылған 15 волонтерлік ұйымның жұмысын ұсынамыз

## «StopДеменция» әлеуметтік жобасы

**Жоба жетекшісі: Базарбай**

**Темірлан Болатбекұлы**

**Аймақ: Түркістан облысы,**

**Сайрам ауданы**

**Мақсаты: Қазыналы**

**қарияларымыздың денсаулығын сақтау,**

**оларға сырқаттың алдын алу жолын көрсету**

**Волонтерлер саны: 5 волонтер,**

**1 тренер**

**Бенефициар саны: Сайрам**

**ауданының 60 жастан асқан 100**

**қариясы**

**Уақыты: Шілде-тамыз айлары**

**2024 жыл**



Қарттар біздің қазынамыз. Қариясы бар ел ешқашан кемімейтін дария сияқты. Сондықтан біз жастарға ақсақалдарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізді қорғау, түрлі дерттерден сақтау маңызды. Себебі жастарға үлгі, ақылшы, жол көрсетуші әрдайым қарт кісілер. Сол мақсатпен «Альцгеймер ауруы туралы халықаралық ақпарат тарату күні аясында жобаның волонтерлері Сайрам ауданындағы қария кісілерге когнитивтік бұзушылықтарын анықтау мақсатында МОСА-тестін өткізді.

Еріктілер қатысушы қарияларға:

Альцгеймер ауруы мен дименцияның пайда болу себептерін;

Ауруды анықтаудың жолдарын, дерттің белгілерін;

Егер бұндай сырқатқа шалдыққан жағдайда қайда барып қаралу керектігін; Және де алдын-алу жолдарын айтып берді.

Альцгеймер ауруы мен дименцияның алдын алу үшін арнайы тренер шақырып, қарияларға арналған жаттығуларды үйретті.

Қарттардың когнитивтік денсаулығын жақсартуға арналған бағдарлама аясында белсенді ұзақ өмір сүру орталығында 3 кешенді сабақ ұйымдастырылды. Іс-шараларға 70 зейнеткер қатысып, когнитивтік функцияларды дамыту және деменцияны алдын алу мақсатында мамандандырылған жаттығулар өткізілді. 3 кешенді сабақтан кейін зейнеткерлер есте сақтау, назар аудару және логикалық ойлау қабілеттерінің жақсарғанын атап өтті. Бұл қатысушылардың ауызша пікірлері мен ұйымдастырушылардың бақылауларымен расталды.

Қатысушылар волонтерлерге алғыстарын білдіріп, тағы да осындай іс-шаралар өтетін болса, қуана-қуана қатысатынын және де өздерінің таныстарына кеңес беретінін жеткізді.



## Социальный проект

### «StopДеменция»

Руководитель проекта: Базарбай

Темірлан Болатбекұлы

Регион: Туркестанская область,

Сайрамский район

Цель: Сохранение здоровья  
пожилых людей, показать им  
способы профилактики  
заболеваний

Количество волонтеров: 5

волонтеров, 1 тренер

Количество бенефициаров: 100

пожилых людей старше 60 лет

Сайрамского района

Период: июль-август 2024 года



Пожилые люди – наше богатство. Страна, где ценят старшее поколение, всегда будет процветать. Поэтому важно заботиться о наших бабушках и дедушках, защищать их от болезней. Пожилые люди – это мудрые наставники и советчики для молодежи. В рамках Международного дня распространения информации о болезни Альцгеймера волонтеры провели МОСА-тестирование среди пожилых людей Сайрамского района, чтобы выявить когнитивные нарушения.

Волонтеры рассказали участникам о причинах возникновения болезни Альцгеймера и деменции, методах диагностики, симптомах заболевания, а также о том, куда обращаться за лечением и как предотвратить эти болезни.

Для профилактики болезни Альцгеймера и деменции был приглашен тренер, который обучил пожилых людей специальным упражнениям. В рамках программы по улучшению когнитивного здоровья пожилых людей в центре активного долголетия было организовано 3 занятия. В них приняли участие 70 пенсионеров, для которых были проведены специализированные упражнения по развитию когнитивных функций и профилактике деменции. После занятий пенсионеры отметили улучшение памяти, внимания и логического мышления. Это подтвердили как устные отзывы участников, так и наблюдения организаторов.

Участники выразили благодарность волонтерам и заявили, что с радостью примут участие в подобных мероприятиях в будущем и порекомендуют их знакомым.

**«Бақытты әйел» жобасы**  
**Жоба жетекшісі: Юлдашова**  
**Назыма Жұмамұратқызы**  
**Аймақ: Жамбыл облысы,**  
**Тараз қаласы**  
**Мақсаты: Әйел кісілердің**  
**денсаулығын жақсарту, өз**  
**саулығы бойынша білім беру**  
**Волонтерлер саны: 5**  
**волонтер, 2 спикер**  
**Бенефициар саны: 50 әйел**  
**Уақыты: 5.08-27.09.2024 жыл**



Әйел – әр қоғамның болашағын жасаушы. Сондықтан да біздің елде әр әйел заты құнды, бағалы. Ал олардың денсаулығы мен тән саулығы, психикасы – бірінші орында. Осы орайда волонтерлер жобаға қызығушылық танытушы ханымдарды жинап «Бақытты әйел» жобасын ұйымдастырды.

Жоба қатысушыларымен дұрыс тыныс алу, мидың тынығуы, дене мүшелерінің толық сезіну үшін йога, интимдік жаттығулары жасалды. Көркем бейне қалыптастыру үшін және түрлі аурулардың алдын-алу мақсатында гинастикалық жаттығулар мен би қимылдары үйретілді. Әйелдер қауымын жүктілікке, балалы болуға және балалы болғаннан кейінгі кезеңге арнайы мамандардың көмегімен психологиялық тұрғыда дайындау және психологиялық кеңес берілді.

2 күн қатарынан йога+гимнастиканы біріктіріп әйел саулығының артуына атсалыстық.

«Бақытты әйел» жобасына қатысқан барлық қатысушы өз ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырды. Атсалысқан барлық волонтерлерді марапаттап, жұмыстарына алғыс білдірдік.

**Проект «Бақытты әйел»**  
**Руководитель проекта:**  
**Юлдашова Назыма**  
**Жұмамұратқызы**  
**Регион: Жамбылская**  
**область, город Тараз**  
**Цель: Улучшение здоровья**  
**женщин, обучение вопросам**  
**здоровья**  
**Количество волонтеров: 5**  
**волонтеров, 2 спикера**  
**Количество бенефициаров:**  
**50 женщин**  
**Период: 5 августа – 27**  
**сентября 2024 года**



Женщина – созидатель будущего общества. Поэтому в нашей стране каждая женщина ценна, и ее здоровье, а также психическое состояние всегда должны быть на первом месте. Волонтеры организовали проект «Бақытты әйел», направленный на обучение женщин правильному дыханию, релаксации, восприятию собственного тела через йогу и интимные упражнения.

Для формирования красивой фигуры и профилактики различных заболеваний были проведены гимнастические упражнения и танцевальные занятия. Также проводились психологические консультации, направленные на подготовку женщин к беременности, материнству и жизни после рождения ребенка.

Проект «Бақытты әйел» помог женщинам улучшить свое здоровье и повысить осведомленность о вопросах здоровья, что было высоко оценено всеми участницами.





## **КҮМІС ВОЛОНТЕРЛЕР АКСЕЛАТОРЫ: ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АЛТЫН ҒАСЫР**

**Жоба жетекшісі: Ултанбаев  
Арнат Бегдалиевич**

**Аймақ: Жамбыл облысы,  
Тараз қаласы**

**Мақсаты: Волонтерлердің  
көмегі арқылы қарттардың  
денсаулығын жақсарту**

**Волонтерлер саны: 100  
волонтер**

**Бенефициар саны: 150**

**Уақыты: 9.10.2024**

Асыл қазынамыз қарттарымыздың денсаулығына көңіл бөліп, олардың саулығы мықты болуы үшін әртүрлі саладағы, әртүрлі қабілеттері бар еріктілер жиналды. Жобаны бастағаннан қаладағы белсенді жастар қызығушылық танытып, еріктілер тобына қосылды. Жобаны кеңірек тарату мақсатында әлеуметтік желіден парақшалар ашылды. Алғашқы посттар жастар арасында қызығушылыққа ие болып, қаладағы белсенді жасап жинала бастады. Еріктілерге волонтерлік қызметтің мақсаты, ерекшелігі, жұмыстары, мүддесі таныстырылды. Өздерінің волонтерлік рөлін тереңірек тануы үшін және қарт кісілермен жұмыс жасау сипатын білу үшін семинар ұйымдастырылды. Қарттарға арналған тегін медициналық кеңестер өткізілді, оның ішінде қан қысымын өлшеу, медициналық анализдер тапсыруға бағыттау жұмыстары жүргізілді. "Парыз" және "Du Stars" жобасының волонтерлері "Арнаулы әлеуметтік қызметтер" мекемелерінде қарт адамдарға қолдау көрсету және көңіл көтеру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізді. Әр іс-шара қатысушылардың көңілін көтеру, мерекелелік көңіл күй сыйлау мақсатында концерттік бағдарламамен басталды. Волонтерлер қарттар үйіне барып апта сайынғы жаттығулар ұйымдастырып тұрды.

Аумақтағы қарттардың әрдайым қан қысымын өлшеп тұру оларға денсаулығын бақылауда ұстауға жақсы әсерін берді.

Денсаулықты жақсарту брошюралары таратылды

Әртүрлі спорт түрлерінен спорттық турнирлер өткізілді

Қарттарымыздың денсаулығының жақсы болуына көмектескен волонтерлердің мотивациясын оятып, көңілін көтеру үшін белсенді түрде атсалысқан еріктілер марапатталды



**Акселератор с.в.: Золотой  
возраст в движении**  
**Руководитель проекта:**  
**Ултанаев Арнат Бегдалиевич**  
**Регион: Жамбылская  
область, город Тараз**  
**Цель: Улучшение здоровья  
пожилых людей с помощью  
волонтерской помощи**  
**Количество волонтеров: 100  
волонтеров**  
**Количество бенефициаров:  
150 человек**  
**Период: 9 октября 2024 года**

Для улучшения здоровья наших пожилых граждан были собраны волонтеры из разных областей. В рамках проекта было открыто несколько страниц в социальных сетях для привлечения молодежи. Проект привлек много активных молодых людей, и в ходе его реализации было проведено множество семинаров для волонтеров.

В рамках проекта были организованы бесплатные медицинские консультации для пожилых людей, измерение артериального давления и направления на медицинские анализы. Волонтеры также проводили занятия для пожилых людей в домах престарелых. Были организованы спортивные турниры и развлекательные мероприятия.

Активные волонтеры, участвующие в проекте, были награждены за свою работу.



## **ИНСУЛЬТҚА БІРГЕ ҚАРСЫМЫЗ жобасы**

**Жоба жетекшісі:**

**Дементиевская Наталья  
Викторовна**

**Аймақ:**

**Мақсаты: Инсульт ауруының  
алдын-алу**

**Волонтерлер саны: 24  
волонтер**

**Бенефициар саны: 214 бала**

**Уақыты: 15.08.2024 жыл**



Инсульт – қазіргі уақытта үлкендер арасында да, балалар арасында да кең тараған сырқат түрі. Домбромед волонтерлері алдымен инсульт алған адамға күтім жасау негіздерін үйренді. Оның ішінде ұсақ және ірі моторикасын дамыту үшін ЛФК, массаж негіздері және массаж, жаққа арналған массаж және инсульт алған адамға күтім көрсетуді үйренді. Сырқаттарға оңату көмегін беру үшін волонтерлер аптасына 5 рет инсульт алған адамдарға барып тұрды. Өздері тамақ жей алуы үшін, жуына алуы және киіне алуы үшін қажетті жаттығуларды үйретті. Жаттығулар сырқат түріне қарай бөлінді. Емдік гимнастика сырқаттарға өте жақсы әсерін берді.

Аптасына 2 рет есте сақтау қабілетін және назарын жақсарту үшін арнайы сабақтар өтілді.

Сонымен қатар сырқаттарға күтім жасайтын туыстары мен жақын адамдарына сыртқаттың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін күтім жасау негіздері үйретілді. Оның ішінде күтім жасау, дұрыс тамақтандыру, қан қысымын өлшеу, гигиена, теріге күтім жасау және медициналық құрылғыларды дұрыс пайдалану үйретілді. Және сыртқат аяқ астынан нашарлап кетсе медициналық көмек келгенге дейін алғашқы көмек көрсету түрлерін де меңгерді.

**Проект «Вместе против инсульта»**

**Руководитель проекта:  
Дементиевская Наталья  
Викторовна**

**Регион: Актюбинская  
область, город Актобе**

**Цель:**

**Количество волонтеров:**

**Количество бенефициаров:**

**Период: 15 августа 2024 года**



Инсульт – это заболевание, которое стало широко распространенным как среди пожилых людей, так и среди детей. Волонтеры «Добро Мед» прошли обучение по оказанию помощи больным после инсульта. Они организовали занятия для пациентов, включая лечебную физкультуру, массаж и другие упражнения, направленные на восстановление моторных навыков.

Для улучшения памяти и концентрации у пациентов проводились специальные занятия. Также родственников больных обучали основам ухода, включая правильное питание, измерение давления, гигиену и использование медицинских устройств. Были проведены занятия по методам оказания первой помощи в случае ухудшения состояния больных.

## **САУ БАЛА – САУ БОЛАШАҚ**

**Жоба жетекшісі: Курумбаев**

**Айболат Шамуратович**

**Аймақ: Батыс Қазақстан облысы**

**Мақсаты: Балаларды таза**

**ауада демалту, сауықтыру**

**Волонтерлер саны: 24 волонтер**

**Бенефициар саны: 214**

**Уақыты:**



Дені сау бала – еліміздің болашағы. Ана мен баланы қолдауға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың негізінде осы қарапайым шындық жатыр. Өйткені, дені сау, белсенді және бақытты балалар еліміздің әл-ауқаты мен гүлденуінің негізіне айналады.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын шатырлы лагерьлерде ұйымдастыру – қатысушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін мұқият дайындықты және ойластырылған стратегияны қажет ететін маңызды міндет. Негізгі аспектілердің бірі – далада коммуналдық тұрмыс жағдайында тез таралатын суық тиюдің алдын алу.

Лагерьде балалардың тазалығы, дұрыс тамақтануы, белсенді қимыл-қозғалысы барлығы қатаң қадағаланды.

Шатыр лагерінде суық тиюдің алдын алуды қамтамасыз ету үшін барлық қатысушыларға оттегі коктейлын тұрақты (аптасына 2–3 рет) тұтыну ұсынылды. Осы мақсатта балалар мен кеңесшілер өз үлестерін алатын арнайы коктейль тарату пункті ұйымдастырылды.

Оттегі коктейлі жеміс шырындарын, витаминдік кешендер мен басқа да пайдалы ингредиенттерді қосу арқылы жоғары таза оттегі негізінде дайындалды. Коктейльдің құрамы балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдалды.

Балалардың сауықтыру лагерін ұйымдастыру тек көңіл көтеру және білім беру шараларын өткізумен шектелмей, денсаулықты қорғау және аурулардың алдын алу мәселелеріне де назар аударуды білдіреді. Осы контексте негізгі бағыттардың бірі респираторлық ауруларды алдын алу және емдеудің тиімді құралы ретінде ингаляторлық терапияны қолдану болып табылады.

Сонымен қатар, "Әдеби кеш", "Жұмбақтар кеші", "Біздің лагерьдің таланттары" сияқты тақырыптық кештер өткізілді. Балалар интеллектуалдық ойындар, викториналар мен конкурстарға қуана қатысты. "Шеберлік жәрмеңкесі" шарасы ерекше әсер қалдырды, онда балалар өздері жасаған бұйымдарды көрсетті. Кислород коктейлі, ингаляторлық терапия, белсенді спорттық және мәдени іс-шараларды, сондай-ақ волонтерларды тартуды үйлестіретін кешенді тәсіл балалардың шатырлы лагерьлеріндегі суық тию ауруларының алдын алудағы тиімділігін көрсетті. Мониторинг нәтижелері ЖРВИ-мен ауырғандар санының төмендегенін, балалар мен ата-аналардың қанағаттану деңгейінің артқанын, сондай-ақ медициналық қызметкерлердің мақұлдауын растады. Бұл тәжірибе басқа балалардың сауықтыру лагерьлерінде қолдануға ұсынылуы мүмкін.

## **Проект «Здоровые дети – здоровое будущее»**

**Руководитель проекта: Курумбаев Айбулат Шамуратович**

**Регион: Западно-Казахстанская область, город Уральск**

**Цель: Организация отдыха и оздоровления детей на свежем воздухе**

**Количество волонтеров: 24 волонтера**

**Количество бенефициаров: 214 детей**

**Период:**



Здоровый ребенок – будущее нашей страны. Эта простая истина лежит в основе множества государственных программ и инициатив, направленных на поддержку матери и ребенка. Ведь здоровые, активные и счастливые дети становятся основой благосостояния и процветания нашей страны.

Организация летнего отдыха детей и подростков в палаточных лагерях – это важная задача, требующая тщательной подготовки и продуманной стратегии для обеспечения безопасности и здоровья участников. Одним из основных аспектов является предотвращение простудных заболеваний, которые быстро распространяются в условиях общественного быта на свежем воздухе.

В лагере тщательно контролировались гигиена детей, правильное питание и активное движение.

Для предотвращения простудных заболеваний в палаточном лагере всем участникам было предложено регулярно (2-3 раза в неделю) употреблять кислородные коктейли. Для этого была организована специальная точка раздачи коктейлей, где дети и консультанты могли получить свой коктейль.

Кислородный коктейль готовился на основе высокочистого кислорода с добавлением фруктовых соков, витаминных комплексов и других полезных ингредиентов. Состав коктейля был подобран с учетом возрастных особенностей и потребностей детей.

Организация оздоровительного лагеря для детей – это не только проведение развлекательных и образовательных мероприятий, но и внимание к вопросам охраны здоровья и профилактики заболеваний. В этом контексте одной из ключевых задач было использование ингаляторной терапии как эффективного средства профилактики и лечения респираторных заболеваний.

Кроме того, были проведены тематические вечера, такие как "Литературный вечер", "Вечер загадок", "Таланты нашего лагеря". Дети с удовольствием участвовали в интеллектуальных играх, викторинах и конкурсах. Особое впечатление произвел "Ярмарок мастерства", на котором дети продемонстрировали изделия, сделанные своими руками.

Комплексный подход, включающий кислородные коктейли, ингаляторную терапию, активные спортивные и культурные мероприятия, а также привлечение волонтеров, показал свою эффективность в профилактике простудных заболеваний в палаточных лагерях. Результаты мониторинга показали снижение числа заболевших ОРВИ, повышение уровня удовлетворенности детей и родителей, а также подтверждение одобрения медицинских работников. Этот опыт может быть рекомендован для применения в других оздоровительных лагерях для детей.





## **ИППОТЕРАПИЯ жобасы**

**Жоба жетекшісі: Сапаркул**

**Аружан**

**Аймақ: Тараз қаласы**

**Мақсаты: иппотерапия арқылы сауықтыру, ұлттық генімізге оралу**

**Волонтерлер саны: 30 волонтер**

**Бенефициар саны: 150**

**Уақыты: шілде-қыркүйек**

Халқымыз ежелден ат үстінде жүріп, ат құлағында ойнаған. Сондықтан да дені сау, алып батырлар мен дана арулар дүниеге келген. Иппотерапияның мақсаты да сол ұлттық генімізге оралып ат үстінде оңалту, сауықтыру. Алдымен Instagram әлеуметтік желісі арқылы жоба туралы хабарланды. Иппотерапияға жиналған волонтерлер мен сырқаттарға атқа мінердің алдында қыздырыну жаттығулары жасалды. Бұдан кейін 1 ай көлемінде сырқаты бар адамдарға иппотерапия өткізді. Иппотерапия адамдардың белсенді және белсенді емес қимыл-қозғалысын қалпына келтіреді және жақсартады.

Волонтерлердің белсенділігін арттыру мақсатында волонтерлерге арналған «Мен өзім» атты акция өтті.





**Проект Иппотерапия**  
**Руководитель проекта:**  
**Сапаркул Аружан**  
**Регион: Жамбылская область,**  
**город Тараз**  
**Цель: Оздоровление с**  
**помощью иппотерапии,**  
**возвращение к нашему**  
**национальному наследию**  
**Количество волонтеров: 30**  
**Количество бенефициаров: 150**  
**Период: июль-сентябрь**

Наш народ с давних времен ездил верхом и был искусен в верховой езде. Именно поэтому здоровые, сильные герои и мудрые женщины рождаются в нашей культуре. Цель иппотерапии – вернуть нас к нашему национальному наследию, исцелять и восстанавливать здоровье через верховую езду.

Сначала о проекте было объявлено в социальной сети Instagram. Для волонтеров и участников, собравшихся на иппотерапию, были проведены разминки перед тем, как сесть на лошадь. Затем в течение месяца проводились занятия иппотерапией для людей с различными заболеваниями. Иппотерапия помогает восстанавливать и улучшать как активные, так и пассивные движения у людей.

Для повышения активности волонтеров была организована акция под названием «Мен езім».

## **ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ жобасы**

**Жоба жетекшісі: Кабиева**

**Гульнар**

**Аймақ: Ақтөбе облысы,**

**Мәртөк ауданы**

**Мақсаты: мүгедектігі бар**

**ерекше балаларды**

**қамқорлыққа алу**

**Волонтерлер саны:**

**волонтер**

**Бенефициар саны:**

**Уақыты: маусым-тамыз**



Мәртөк ауданы бойынша есепте тұрған мүгедектігі бар балалардың тізімін алып, олардың ата-анасына хабарласып, қажетті құжаттары алынды. Мәртөк ауданының мүгедектігі бар балаларына тұрақты негізде тегін медициналық көмек көрсетілді. ЛФК инструктор, психолог және медбике қызметі көрсетілді. Мәртөк ауданының мүгедектігі бар балалары медициналық көмекті (ЛФК инструктор, психолог және медбике қызметі) тегін әрі тұрақты алды. Балалармен «Бала - өмір шуағы» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Балалардың уақыты көңілді әрі тиімді өтіп, мерекелік шараны тамашалады. «Баламен өмір қызық» тақырыбы аясында балалармен тиімді уақыт өткізу мақсатында танымдық шара ұйымдастырылды. Балалар ата-аналарымен бірге қызық, көңілді әрі тиімді уақыт өткізді. Балаларға да, ана-аналарына қатты ұнап, ризашылықпен аяқтады

**Проект «Қамқор болайық»**

**Руководитель проекта:**

**Кабиева Гульнар**

**Регион: Акмолинская  
область, Мартукский  
район**

**Цель: Забота о детях с  
ограниченными  
возможностями**

**Количество волонтеров: 5**

**Количество**

**бенефициаров: 20**

**Период: июнь-август**



В рамках проекта был составлен список детей с ограниченными возможностями, стоящих на учете в Мартукском районе, и установлены контакты с их родителями. Собраны все необходимые документы. Детям с ограниченными возможностями, проживающим в Мартукском районе, была предоставлена регулярная бесплатная медицинская помощь. Также был организован прием ЛФК-инструктора, психолога и медсестры. Дети получали медицинскую помощь (услуги ЛФК-инструктора, психолога и медсестры) на постоянной и бесплатной основе.

В рамках проекта было организовано праздничное мероприятие для детей под названием «Бала – өмір шуағы» («Дети – свет жизни»), в ходе которого дети провели время весело и эффективно, наслаждаясь праздником.

Для эффективного использования времени детей с родителями была организована познавательная встреча на тему «Баламен өмір қызық» («Жизнь с ребенком – это интересно»). Дети и их родители вместе провели время весело, интересно и с пользой. Мероприятие было очень популярным и получило положительные отзывы от всех участников.



## **ЛОГО МАССАЖ ЗАЙСАН жобасы**

**Жоба жетекшісі: Жазбаева  
Айжан Оразхановна**

**Аймақ: Шығыс Қазақстан  
облысы, Зайсан ауданы**

**Мақсаты: Балалардың дұрыс  
дамуына атсалысу**

**Волонтерлер саны:**

**Бенефициар саны: 32 бала**

**Уақыты: шілде-тамыз**

Ұрпағымыздың жалғасы, еліміздің болашағы – дені сау бала. Балаларымыздың дені сау болуы, тілі анық болуы үшін, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданындағы 32 балаға лого массаж жасалды. Лого массаж дәрі-дәрмектің көмегінсіз, бұлшық еттерге массаж жасай отырып жүйке жүйесіне тікелей әсер ететін әдіс. Ауыз қуысын жаттықтыру арқылы сөйлеуді жақсарту. Ұсақ моториканы дамыта отырып, тілдің анықтығын қалыптастыру. Кей балалардың анық шығара алмайтын дыбыстарын лого массаж арқылы шығарды. Мысалы С, Ж, З, Р әріптеріне тілі келмейтін балалар лого массаждан соң оң нәтиже көрсетті.

Лого массажды қаншалықты жылдам жасатып, оң нәтижеге қол жеткізсе – баланы мектепке дайындау, психикасына зиян тигізбеу соншалықты жеңіл болады





**Проект «Лого массаж»**  
**Руководитель проекта:**  
**Жазбаева Айжан Оразхановна**  
**Регион: Восточно-**  
**Казахстанская область,**  
**Зайсанский район**  
**Цель: Содействие**  
**правильному развитию детей**  
**Количество волонтеров:**  
**Количество бенефициаров: 32**  
**ребенка**  
**Период: июль-август**

Наши дети – будущее нашей страны, и здоровый ребенок – залог этого будущего. Для того чтобы дети были здоровыми и их речь была четкой, в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области 32 ребенка прошли курс лого массажа. Лого массаж – это метод воздействия на нервную систему через массаж мышц, без использования медикаментов. Этот массаж помогает тренировать полость рта, улучшать речь, развивать мелкую моторику и способствует четкости произношения. У некоторых детей, которые не могли правильно произносить такие звуки, как С, Ж, З, Р, после курса лого массажа был отмечен положительный результат. Чем быстрее и эффективнее проводится лого массаж, тем легче подготовить ребенка к школе и избежать негативных последствий для его психики.



**ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН ІС-ШАРА**  
**Жоба жетекшісі:**  
**Байтүбетов Аслан**  
**Аймақ: Ақтөбе облысы,**  
**Хромтау қаласы**  
**Мақсаты: Ерекше**  
**балалардың көңілін көтеру**  
**Волонтерлер саны: 25**  
**волонтер**  
**Бенефициар саны:**  
**Уақыты: 28-қыркүйек**



Ерекше балаларға арнап көңілді іс шаралар, мастер класс және әртүрлі ойындар өткізу үшін керек жабдықтықтарды түгендеп алынды. Балалармен көңілді уақыт өткізу үшін волонтерлер жинадық және оларға инструктаж оқыттық. Ерекше балалардың дамуындағы ерекшеліктер туралы сабақ өтіп, еріктілердің өздеріне деген сенімділігін нығайттық.

Іс-шараға балалардың өздері және ата-аналары қатысты. Қатысушылар мен психолог маман арасында кездесу жасалды. Ата-аналар мамандардан пайдалы кеңестер мен қолдау тапты. Және өз тәжірибелерімен бөлісті.

Іс-шарадан соң іс-шара өткен алаңды тазалап, келесі қолдануға дайын қылып кеттік

**МЕРОПРИЯТИЕ ДЛЯ  
ОСОБЕННЫХ ДЕТЕЙ**  
**Руководитель проекта:**  
**Байтюбетов Аслан**  
**Регион: Актюбинская  
область, город Хромтау**  
**Цель: Поднять настроение  
особенным детям**  
**Количество волонтеров: 25**  
**Количество  
бенефициаров:**  
**Дата: 28 сентября**



Для проведения веселых мероприятий, мастер-классов и различных игр для особенных детей был подготовлен необходимый инвентарь. Мы собрали волонтеров, которые прошли инструктаж и обучение. Был проведен урок о особенностях развития таких детей, чтобы повысить уверенность волонтеров в своих силах.

В мероприятии приняли участие сами дети и их родители. Была организована встреча участников с профессиональным психологом. Родители получили полезные советы и поддержку от специалистов, а также поделились своим опытом.

После завершения мероприятия место проведения было убрано и подготовлено для дальнейшего использования.



## **ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ жобасы**

**Жоба жетекшісі:**

**Байдилданова Асем**

**Аймақ: Алматы қаласы**

**Мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі  
және аз қамтылған жандарды  
қолдау**

**Волонтерлер саны: 3**

**Бенефициар саны: 60**

**Уақыты: 15.08.2024**

Көп балалы, аз қамтылған немесе мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның маңызды бөлшегі. Оларды қолдау, әрдайым жәрдем беру біздің міндетіміз. «Жаңа мүмкіндіктерге жол» жобасы негізінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларға консультация өткізілді. Оның ішінде 5 адамға заң тұрғысынан кеңес берілсе, 15 адамға білім алу тұрғысынан кеңес берілді.

Логопед мамандармен психокоррекция бағдарламасы өтті. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ұсақ және ірі моторикасын жетілдіруге, грамматикасы жақсарып, сөздік қоры көбейіп, әріптерді анық шығаруға керемет көмегін тигізді.

Өмірлік маңызы бар сұрақтарға жауап алу мақсатында психологиялық кеңес өтті. Көтерілген тақырыптарды атап айтсақ, отбасылық жанжалдар, бала тәрбиесі, жек проблемалар, әйелдердегі жас кризисі, т.б

Жобаны іске асыру үшін 3 волонтер көмекке шақырылды.

20 баланы жануар саябағына апарды.



**Проект «Путь к новым возможностям»**  
**Руководитель проекта:**  
**Байдилданова Асем**  
**Регион: город Алматы**  
**Цель: Поддержка людей с ограниченными возможностями и малообеспеченных граждан**  
**Количество волонтеров: 3**  
**Количество бенефициаров: 60**  
**Дата: 15.08.2024**

Многодетные, малообеспеченные и люди с ограниченными возможностями – важная часть нашего общества. Поддержка этих категорий граждан и помощь им всегда является нашей обязанностью. В рамках проекта «Путь к новым возможностям» были проведены консультации для многодетных и малообеспеченных семей. Пять человек получили юридические консультации, пятнадцать человек – консультации по вопросам образования.

С логопедами и специалистами по психокоррекции была проведена программа, направленная на улучшение мелкой и крупной моторики у детей с ограниченными возможностями. Это также способствовало улучшению их грамматики, расширению словарного запаса и улучшению произношения букв.

Для получения ответов на жизненно важные вопросы была организована психологическая консультация. Обсуждаемые темы включали семейные конфликты, воспитание детей, личные проблемы, кризис у женщин и другие вопросы.

Для реализации проекта было привлечено 3 волонтера. Также 20 детей были вывезены в зоологический парк.



## **ӨМІР РИТМІ жобасы**

**Жоба жетекшісі:**

**Котлярова Елена**

**Аймақ: Солтүстік**

**Қазақстан облысы,**

**Петропавл қаласы**

**Мақсаты: Балалардың  
музыкаға қызығушылығын  
оятып, бос уақытын тиімді  
өткізу**

**Волонтерлер саны: 50**

**Бенефициар саны: 50**

**Уақыты: 29.09.2024**



Музыка – өмірдің әдемі нотасы. Адам көңілді кезінде де, көңілсіз кезінде де музыка тыңдау арқылы жынана жұбаныш іздейді. «Өмір ритмі» шарасының аясында балалар мен волонтерлерді әрбір инструментпен таныстырып, әр қайсының жеке-жеке дауысы тыңдалды. Жаңа музыкалық инструменттерге қатысушылар қызыға қарап, даусын тыңдап, қолмен ұстап, шертіп көрді. Музыка дұрыс шығуы үшін қалай ұстау керектігін үйренді.

1 шара аясында 8 сабақ өтіліп, оған 50 бала, 50 волонтер қатысып барабанда ойнау тәсілін үйренді. Барабан таяқшаларын қалай ұстау керек, қалай отыру керек, қалай ойнау керектігін меңгерді 50 бала, 53 волонтерге глюкофонда ойнау үйретілді. Олардың үшеуі зейнеткер.

Балалар волонтерлердің көмегімен концертке дайындалды. Және Оқушылар сарайында өткен конкурсқа қатысып, 1-ші, 2-ші және 3-ші орындарды иеленді. Бұл конкурс балалар үшін үлкен тәжірибе болды, және орын иеленгеніне өте қатты қуанды.

Жұмысымыздың нәтижесінде балалардың музыкаға деген қызығушылығы артты, үлкендермен және өздері қатарлы балалармен коммуникациясы жақсарды. Өздері ритм шығарып, ойнайтын болды



**Проект «Ритм жизни»**  
**Руководитель проекта:**  
**Котлярова Елена**  
**Регион: Северо-**  
**Казахстанская область,**  
**город Петропавловск**  
**Цель: Пробуждение**  
**интереса детей к музыке и**  
**эффективное**  
**использование их**  
**свободного времени**  
**Количество волонтеров: 50**  
**Количество**  
**бенефициаров: 50**  
**Дата: 29.09.2024**



Музыка – это прекрасная нота жизни. Люди ищут утешение через музыку как в радостные, так и в грустные моменты. В рамках мероприятия «Ритм жизни» дети и волонтеры познакомились с различными музыкальными инструментами, послушали их звуки, потрогали их и научились извлекать звук. Участники также узнали, как правильно держать инструмент для получения нужного звучания.

В рамках мероприятия было проведено 8 уроков, в которых участвовали 50 детей и 50 волонтеров. Они научились играть на барабанах, освоив технику удержания барабанных палочек, правильную позу и технику игры. 50 детей и 53 волонтера (трое из которых – пенсионеры) научились играть на глюкофоне. Дети, с помощью волонтеров, готовились к концерту. Они приняли участие в конкурсе, который прошел в Дворце учащихся, и заняли 1-е, 2-е и 3-е места. Этот конкурс стал важным опытом для детей, и они были очень рады своим достижениям.

В результате нашей работы интерес детей к музыке значительно возрос, улучшились их коммуникации как с взрослыми, так и с ровесниками. Дети стали самостоятельно создавать ритм и играть на инструментах.



## **ШЕКТЕУСІЗ МҮМКІНДІКТЕР жобасы**

**Жоба жетекшісі: Сейткәрім**

**Сағындық Ермекұлы**

**Аймақ: Жетісу облысы,**

**Сарқанд қаласы**

**Мақсаты: Ерекше білімді қажет  
ететін балаларды қолдау**

**Волонтерлер саны: 50**

**Бенефициар саны: 38**

**Уақыты: 01.10.2024**

Нәтижесінде ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуға арналған орталық жұмыс істеді. Ата-аналардың қажеттіліктерін талдап, арнайы мамандарды тартылды және оқытылды. Бағдарлама мен материалдарды әзірлеп, білім беру орталығын дайындады. 20 ерекше білімді қажет ететін бала логопед маманынан оқыту курстарынан өтті. Ата-аналарына үй жағдайында жасауға болатын балаларына арналған жаттығулар үйретілді.

20 ерекше білімді қажет ететін бала дефектолог-психолог маманының оқыту курстарынан өтті. Ата-аналарына үй жағдайында жасауға болатын балаларына арналған жаттығулар үйретілді

20 ерекше білімді қажет ететін бала АФК, ЛФК маманының оқыту курстарынан өтуде. Ата-аналарына үй жағдайында жасауға болатын балаларына арналған жаттығулар үйретілді.



**Проект «Шектеусіз мүмкіндіктер»**

**Руководитель проекта:**

**Сейткәрім Сағындық Ермекұлы**

**Регион: Жетысуская область, город Саркан**

**Цель: Поддержка детей, нуждающихся в особом обучении**

**Количество волонтеров: 50**

**Количество бенефициаров: 38**

**Дата: 01.10.2024**

В результате был открыт центр для обучения детей, нуждающихся в особом обучении. Были проанализированы потребности родителей, привлечены и обучены специальные специалисты. Разработаны программа и материалы, подготовлен образовательный центр. 20 детей, нуждающихся в особом обучении, прошли курсы у логопеда. Родителям были показаны упражнения, которые можно делать в домашних условиях для их детей.

20 детей, нуждающихся в особом обучении, прошли курсы у дефектолога-психолога. Родителям были показаны упражнения, которые можно делать в домашних условиях для их детей.

20 детей, нуждающихся в особом обучении, проходят курсы у специалистов по АФК (адаптивная физическая культура) и ЛФК (лечебная физкультура). Родителям были показаны упражнения, которые можно делать в домашних условиях для их детей.

**«Med volunteer» жобасы**

**Жоба жетекшісі: Отт**

**Александра**

**Аймақ: Солтүстік**

**Қазақстан облысы, Есіл**

**ауданы, Николаевка**

**селосы**

**Мақсаты: Ауыл**

**тұрғындарының**

**денсаулығына көңіл бөлу,**

**сырқаттың алдын-алу**

**Волонтерлер саны: 5**

**Бенефициар саны: 50**

**Уақыты: 27.09.2024**



Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Николаевка селосында тұратын тұрғындардың денсаулығына көңіл бөліп, кейбір сырқаттардың, денсаулығы нашарлап кетудің алдын-алу мақсатында әрдайым олардың қан қысымын өлшеп, жалпы тексеріс жасалды.

Әр тұрғынның денсаулығындағы ақаулар жайлы, және олардың нашарлап кетуінің алдын-алу профилактикасы туралы сөйлесілді. Жүрек қан тамырлары ауруларына шалдықпау үшін профилактика өткізілді. Алғашқы медициналық көмек көрсету, инсульт профилактикасы, инфаркт, қант диабеті және қан қысымы профилактикасы жөнінен тренинг өткізілді. Ауыл тұрғындары жасалған іс-шараға риза болды.



**Проект «Med volunteer»**  
**Руководитель проекта: Отт Александра**  
**Регион: Северо-Казахстанская область, Есильский район, село Николаевка**  
**Цель: Забота о здоровье сельских жителей, профилактика заболеваний**  
**Количество волонтеров: 5**  
**Количество бенефициаров: 50**  
**Дата: 27.09.2024**



В селе Николаевка Есильского района Северо-Казахстанской области был проведен комплекс мероприятий, направленных на заботу о здоровье местных жителей и профилактику заболеваний, а также на предупреждение ухудшения состояния здоровья. Регулярно измерялось артериальное давление и проводился общий осмотр.

Обсуждались проблемы здоровья каждого жителя, а также меры профилактики для предотвращения ухудшения состояния здоровья. Для предупреждения сердечно-сосудистых заболеваний были проведены профилактические мероприятия.

Были организованы тренинги по оказанию первой медицинской помощи, профилактике инсульта, инфаркта, диабета и высокого артериального давления. Сельские жители выразили благодарность за проведенные мероприятия.



**«Саулыққа үлес» жобасы**  
**Жоба жетекшісі: Бекматова**  
**Назерке Жасұланқызы**  
**Аймақ: Қызылорда облысы,**  
**Қызылорда қаласы**  
**Мақсаты: Шағын аудандар мен**  
**қала шетіндегі елдімекендерді**  
**қамқорлыққа алып,**  
**медициналық және**  
**психологиялық көмек көрсету**  
**Волонтерлер саны: 40**  
**Бенефициар саны: 60**  
**Уақыты: 23.09.2024**

«Алғашқы медициналық көмекті көрсету принциптері» ұзақ мерзімді бағдарламасы өтті. Бағдарламаға медициналық волонтерлер қатысты. Олар өз салаларында бейресми білім алды. Оқыту ұзақтығы 40 академиялық сағатты құрады. Халықпен маман-дәрігерлерді тарту арқылы жаппай онлайн кеңестер ұйымдастырылды. Кеңес барысында денсаулықты сақтауға, жеміс-жидектер мен көкөністерді тұтынуға, жеке гигиенаны сақтауға қатысты видеоролик дайындалды. Шағын аудандар мен қала шетінде тұратын тұрғындар медициналық көмек алу үшін қала орталығына шығуға мәжбүр. Сондықтан шетте қалған аудандарға барып медициналық көмек пен психологиялық кеңес берілді.

Профилактика және есірткіге тәуелділікті жою мақсатында жастар арасында челлендж өткізілді. Челленжде әлеуметтік желі белсенділері әртүрлі жазбаларды әлеуметтік желідегі хэштегтермен жариялады: #ЕсірткісізЕл

#БолашағымызӨзҚолымыз және #BirgemizSaullyq"

"Медик-волонтерлер арасында фестиваль өтті. Фестивальге медициналық сала ардагерлері, жобада қатысатын белсенді жастар және медициналық сала өкілдері қатысты. Фестивальдің секциялық жұмысы аясында сала сарапшылары қатысушылармен кеңестерімен бөлісті. Жобада белсенді қатысқан қатысушылар арнайы алғыс хаттарымен марапатталды."



**Саулыққа үлес**

**Руководитель проекта:**

**Бекматова Назерке**

**Жасулановна**

**Регион: Кызылординская**

**область, город Кызылорда**

**Цель: Оказывать поддержку**

**малым районам и**

**пригородным населенным**

**пунктам, предоставляя**

**медицинскую и**

**психологическую помощь**

**Количество волонтеров: 40**

**Количество бенефициаров: 60**

**Дата: 23.09.2024**

Была проведена долгосрочная программа «Принципы оказания первой медицинской помощи». В программе приняли участие медицинские волонтеры, которые получили неформальное образование в своих областях. Обучение длилось 40 академических часов.

С участием специалистов-медиков были организованы массовые онлайн-консультации для населения. В рамках консультаций подготовлен видеоролик о сохранении здоровья, важности употребления фруктов и овощей, а также соблюдении личной гигиены.

Жители малых районов и окраин города, которые ранее вынуждены были ехать в центр за медицинской помощью, получили необходимые медицинские и психологические консультации прямо в своих районах.

С целью профилактики и борьбы с наркотической зависимостью среди молодежи был проведен челлендж. Активисты социальных сетей публиковали различные посты с хэштегами: #ЕсірткісізЕл, #БолашағымызӨзҚолымызда, #BirgemizSaulyq.

Также состоялся фестиваль среди медиков-волонтеров. В мероприятии приняли участие ветераны медицинской отрасли, активная молодежь, участвующая в проекте, и представители медицинской сферы. В рамках секционной работы фестиваля эксперты отрасли поделились своими рекомендациями с участниками. Активные участники проекта были награждены благодарственными письмами.



**Волонтер медиктер  
«Медициналық көмек  
әрдайым және әркезде»  
Жоба жетекшісі: Сағынтай  
Айнұр  
Аймақ: Ақтөбе облысы  
Мақсаты: Тұрғындарға ең  
қауіпті аурулар туралы  
ақпарат беру және одан  
сақтану жолдарын айту  
Волонтерлер саны: 25  
Бенефициар саны: 95  
Уақыты: қыркүйек**



«Волонтер медиктер» жобасы аясында өткен іс-шаралар

1. Қант диабеті және салауатты өмір салты  
17 қыркүйекте волонтер-медиктер «Қант диабеті және салауатты өмір салты» акциясын өткізді. Қандағы қанттың мөлшерін өлшеу бойынша, сондай-ақ қанттың көтерілуіне байланысты қауіптер туралы ақпарат беруге арналған. Ұйым мүшелері «Айна» сауда үйінен арнайы рұқсат алды және өз жұмыстарын осы залда жүргізді. Акцияға 48 адам қатысты.
2. «Темекі – ғасыр дерті» тренингі  
Тұрғындар арасында «Темекі – ғасыр дерті» тренингі бойынша ақпараттық парақша таратылды. Флайерде темекінің зияны, белсенді және пассивті темекі шегу туралы ақпарат, темекіден қалай арылуға болатыны туралы бірнеше лайфхактар жазылған.
3. «Туберкулез» тренингі  
«Туберкулез» тақырыбында тренинг өткізілді. Бұл тренинг туберкулез туралы ақпарат берді. Қатысушылар туберкулездің тарихы, оның түрлері, жұғу жолдары, белгілері және емдеу әдістері туралы ақпарат алды. Сондай-ақ, патологиялық анатомия кафедрасының қолдауымен өкпе ауруларының макроскопиялық үлгілерінің көрсетілімі өткізілді.
4. Акция «Қан қысымыңды біл! Денсаулығыңды күт!»  
Акция артериялық гипертензияға қарсы жүргізілді. Акцияға 27 адам қатысты. Шара барысында адамдардың қан қысымы өлшенді. Ал біздің ерікті дәрігерлер гипертензияға қажетті кеңестер берді.



## **Волонтеры-медики:**

**«Медицинская помощь всегда и везде»**

**Руководитель проекта:**

**Сагынтай Айнур**

**Регион: Актюбинская область**

**Цель: Информировать население о наиболее опасных заболеваниях и**

**способах их профилактики**

**Количество волонтеров: 25**

**Количество бенефициаров: 95**

**Время проведения: сентябрь**



Мероприятия, проведенные в рамках проекта «Волонтеры-медики»

### **1. Акция «Сахарный диабет и здоровый образ жизни»**

17 сентября волонтеры-медики провели акцию «Сахарный диабет и здоровый образ жизни». Она была направлена на измерение уровня сахара в крови и информирование о рисках, связанных с его повышением. Участники проекта получили специальное разрешение от ТЦ «Айна» и провели акцию в этом здании. В мероприятии приняли участие 48 человек.

### **2. Тренинг «Курение – чума века»**

Среди жителей был проведен тренинг «Курение – чума века». Были распространены информационные буклеты, содержащие сведения о вреде курения, активном и пассивном курении, а также лайфхаки по отказу от этой вредной привычки.




### **3. Тренинг «Туберкулез»**

Тренинг на тему «Туберкулез» предоставил участникам информацию о заболевании, его истории, формах, путях передачи, симптомах и методах лечения. При поддержке кафедры патологической анатомии были продемонстрированы макроскопические образцы пораженных легких.

### **4. Акция «Знай своё давление! Береги здоровье!»**

Акция была направлена на борьбу с артериальной гипертензией. Участие приняли 27 человек. В рамках мероприятия волонтеры измеряли артериальное давление, а также давали рекомендации по профилактике и лечению гипертонии.









БІРЫҢҒАЙ  
ГРАНТ  
ОПЕРАТОРЫ



SAÝLYQ  
birgemiz



Qazaqstan  
Medisina  
Jastary

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»**  
КЕАҚ-НЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН  
**«Birgemiz: Saylyq»**  
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА  
ШАҒЫН ГРАНТТАР БЕРІЛДІ.



Малые гранты были предоставлены  
в рамках общенационального проекта  
**«Birgemiz: Saylyq»**  
при поддержке НАО  
**«Центр поддержки гражданских инициатив»**

2024

ISBN 978-601-06-9647-1



9 786010 696471